

## Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 64-ө өкімі

Темір жол саласының рөлін және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру мақсатында:

1. "2003-2004 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 28-ө өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2003-2004 жылдар кезеңінде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

"11. Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеу туралы	Қазақстан Республикасы ЖАҚ (келісім	ККМ, "ҚТЖ" ҰК" Премьер-Министрінің өкімі	2004 жыл" бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
--	-------------------------------------	--	--

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері темір жол көлігі ұйымдарына Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар өткізуге жәрдемдессін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 2 н а у р ы з д а ғ ы  
N 6 4 ө к і м і м е н  
бекітілген

**Қазақстан темір жолының 100 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Орындау үшін жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4
1	Астана қаласында мерей-тойлық күнге арналған салтанатты жиналысты дайындау және өткізу	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі	2004 жылғы 30-31 шілде
2	Өңірлерде мерекелік мерейтойлық іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2004 жылғы мамыр-тамыз
3	Қазақстан темір жолының 100 жылдығына арналған іс-шараларды бұқаралық ақпарат ралдарында жариялау министрлігі	Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	2004 жыл
4	Мерейтойлық күнге арналған фильмдерді республикалық теле-арналар арқылы министрлігі	Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	2004 жыл
5	Республикалық баспасөз басылымдарында мерей.	Қазақстан Республикасының Ақпарат	2004 жыл

арнайы айдарлар ашу

- |                      |   |   |                   |
|----------------------|---|---|-------------------|
| 6                    | Мерейтойлық медаль жасау  | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) шілде  | 2004 жылғы        |
| 7                    | Мерейтойлық күміс монета жасау                                    | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)  | 2004 жылғы наурыз |
| 8                    | Мерейтойлық кәдесый маркасын жасау                                | "Қазпочта" АҚ (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының  | 2004 жылғы наурыз |
| Мәдениет министрлігі |   |   |                   |
| 9                    | Қазақстан темір жолының тарихына арналған деректі фильмдер түсіру | "Қазақфильм" РМҚК,  | 2004 жыл          |
|                      |   | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |                   |